

«QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің
2018 жылғы «24» сәуірдегі № 31 шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

«QAZAQ AIR» АҚ
Тәртіп кодексі

Мазмұны

Біздің мақсаттарымыз қандай?	3
Біздің құндылықтарымыз қандай?	4
Тәртіп кодексі кімге арналған?	5
Тәртіп кодексі бізге не үшін керек?	6
Тәртіп кодексін сақтау қалай қамтамасыз етіледі?	7
ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ	8-12
Біздің миссияға бейілділік	9
Тұрақты даму	10
Этикалық тәртіп	11
Сыртқы коммуникация	12
ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗГЕ ҚАТЫНАСЫМЫЗ	13-15
Жалдау мен еңбек етудің теңдей жағдайлары	14
Кемсітушілік пен қысымшылыққа тыйым салу	15
БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ	16-21
Үшінші тұлғаларды тарту	17
Мүдделер қайшылығы	18-21
Әлеуметтік жобалар және демеушілік	20
Сыйлықтар және қонақжайлылық белгілері	21
БІЗДІҢ КОМПАНИЯНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАУ	22-25
Активтерді қорғау	23
Қаржылық есептердің айқындығы	24
Ақпаратты басқару	25

БІЗДІҢ МАҚСАТТАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ?

- Біз аса жоғары әлемдік қауіпсіздік стандарттарына сәйкес жұмыс істейміз.
- Біз заманауи ұшақтармен аймақтық бағыттар бойынша сенімді әуе қатынастарын қамтамасыз етеміз.
- Біз осындай қалалардың халықаралық және ұзағырақ бағыттарымен түйісуді қамтамасыз ете отырып, аймақтарды өсу қозғалтқыштары болып табылатын қалалармен қолжетімді ішкі әуе сапарлары арқылы байланыстыра отырып, экономикалық дамуға жағдай жасаймыз.
- Экологиялық тұрғыда жауапты әуе компаниясы ретінде, біз атмосфераға CO₂ шығарындылары бойынша аса тиімді ұшақтарды пайдаланамыз.
- Біздегі қызметкерлерді іріктеу және бағалау үдерісі компанияның мақсаттарына және корпоративтік этиканың тиісті стандарттарына қол жеткізуге жәрдемдесетін құзыреттерге, іскерлік қасиеттерге және жетістіктерге негізделген.
- Біз компанияның тұрақты өсуі мен жетістікке жетуінің кепілі болып табылатын ұжымымызды оқыту мен дамытуға инвестициялар жасаймыз.
- Өз қызметімізде біз QAZAQ AIR ішінде, сондай-ақ жеткізушілермен және әріптестермен жұмыс жасауда айқындық пен ашықтықтың аса жоғары талаптарын ұстанамыз.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ?

ӘРІПТЕСТІК

Біз әріптестік бойынша жұмыс істейміз және командаға сенім артамыз

Біз команданың мүдделерін жеке мүдделерден жоғары қоямыз

Біз мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді және сенімді қатынастар құрамыз

ҚҰРМЕТ

Біз айналамыздағылардың барлығына құнттап қараймыз

Біз сенім және құрмет қағидаттарына сүйене отырып әрекет етеміз

Біз заңдарды сақтаймыз және дәстүрлерді құрметтейміз

ТҰТАСТЫҚ

Біз өз мойнымызға алынған міндеттемелерді орындаймыз

Біз айтқан нәрсемізді жасаймыз

Біз әрдайым әділ және адал боламыз

МЕРИТОКРАТИЯ

Біз лайықты кәсіпкерлерді таңдаймыз

Біз рөліне қарамасан әр адамға өз пікірін айтуға мүмкіндік береміз

Біз нәтижеге қол жеткізуді ынталандырамыз

КЕМЕЛДІК

Біз озық тәжірибе мен технологияларды пайдалана отырып ұтымды түрде және аса жоғары сапа деңгейінде жұмыс істейміз

Біз қосылған құнды құру үшін әрекет ете отырып, өзімізге жауапкершілік қабылдаймыз

Біз – әуеспіз, ұдайы оқимыз және Компанияны дамытамыз.

ТӘРТІП КОДЕКСІ КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Кодекстің қағидалары «QAZAQ AIR» АҚ-ның (әрі қарай – QAZAQ AIR, Компания) барлық қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына және директорларына тікелей қолданылады. Осы Кодекстегі “Сіз”, “бізді” немесе “бәрі” сөздері Компанияның барлық қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына және директорларына жүгінуді білдіреді.

Компаниямен жұмыс істейтін немесе Компанияны өкілдейтін іскерлік әріптестерге, жеткізушілерге және басқа үшінші тұлғаларға Кодекстің қағидаларын немесе комплаенс мәселелері бойынша осыған ұқсас өзге саясаттарды ұстану ұсынылған.

ТӘРТІП КОДЕКСІ БІЗГЕ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Біздің миссиямыздың мақсаты – Қазақстан Республикасының өңірлерін жалғайтын компания болу және осылайша олардың экономикалық дамуына жәрдемдесу. Біздің мақсатымыз: ұшу қауіпсіздігінің жоғары халықаралық және ұлттық стандарттарына сәйкес қолжетімді аймақтық әуе тасымалдарын қамтамасыз ету.

Жалғыз акционерді, «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ын (әрі қарай – «Қор»), қызметкерлер мен іскерлік әріптестерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың қызметімізге деген сенімін сақтауға және арттыруға қабілетті болмасақ, біз өзіміздің стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізе алмаймыз.

Осы Кодекс құндылықтарды, тәртіп стандарттары мен негізгі қағидаттарын белгілейді және біз оларды басшылыққа ала отырып барлық мүдделі тараптардың мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ете аламыз. Тәртіп кодексі біздің корпоративтік мәдениетімізді дамытуға және біздің Компаниямыздың нарықтағы ашық және әділ қатысушы ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған.

Кодекс бізге кездесуі мүмкін тәуекелдердің бүкіл спектрін қамтымайды. Сондықтан, Тәртіп кодексі дұрыс талқылаудың және бұл үшін жауапкершілік көтерудің қажеттілігін жоққа шығармайды.

ТӘРТІП КОДЕКСІН САҚТАУ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ?

Осы Кодексте баяндалған тәртіптің стандарттары мен негізгі қағидаттарын Компанияның әрбір қызметкері өзінің Компаниядағы күнделікті қызметі барысында негізге алады. Төменде алғашқы негізгі қадамдар келтірілген:

- Тәртіп кодексінің қағидаларын оқып шығыңыз және зерделеніз;
- Сөз сөйлеген және әрекет еткен кезде Кодекстің қағидаларын қатаң түрде ұстаныңыз;
- Комплаенс тәуекелдер туралы хабардар етіңіз және алаңдаушылық білдіріңіз.

Біздің әрқайсымыз келесі тәжірибелік нұсқаулық негізінде өз тәртібімізді бағалау керекпіз:

- Менің әрекетім Кодекспен үйлеседі ме?
- Бұл әдептілікке жатады ма?
- Бұл заңды ма?
- Егер менің тәртібім туралы жұртшылыққа мәлім болса, менің тәртібім қолайлы болады ма?

Егер Кодекстің қағидаларына сәйкес кеңестер немесе ұсынымдар Сізге әлі де қажет болса, өзіңіздің тікелей басшыңызға, Компанияның Ішкі аудит қызметі басшысына немесе комплаенс Офицерге жүгінуіңізді сұраймыз.

Егер Сізге Кодекс жүйелерінің қандай да бір қағидаларының немесе басқа комплаенс рәсімдерінің, ішкі бақылаудың бұзылуы туралы мәлім болса, Сіз олар туралы дереу Қордың Қауырт желісі арқылы, өзіңізге түсіндірілетін әдістермен хабарлауыңыз керек. Мұндай хабарламалар қудалаудан қорғаудың қамтамасыз етілуімен құпия және анонимдік негізде жасалуы мүмкін. Қауырт желі туралы байланыс ақпараты Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған.

Этикалық және комплаенс талаптарын ұстану және сақтау – QAZAQ AIR компаниясымен жұмыс істейтін немесе оның мүдделерін өкілдейтін әрбір адамның жауапкершілігі. Осы Кодекстің бұзылуы Компаниямыздың беделі мен жұмысына зиян келтіреді және тәртіптік жазалауға немесе жұмыстан шығаруға әкелуі мүмкін. Кодекстің белгілі бөлімдерінің сақталмауы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың бұзылуы болып табылуы мүмкін екенін және жеке әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін атап өткен жөн.

Кодекстің сақталуы комплаенс бағдарламасымен қамтамасыз етіледі және Директорлар кеңесінің толық қолдауына ие болады. Комплаенс қызметі Компанияның Ішкі аудит қызметінің жәрдемдесуімен комплаенс бағдарламаны әзірлейді, үйлестіреді және оны іске асыруда жетекшілікті өз мойнына алады. Комплаенс бағдарламасының негізгі элементтері келесілер болып табылады:

- Комплаенс тәуекелдерін бағалау;
- Комплаенс тәуекелдеріне шамалас деңгейде комплаенс рәсімдері мен ішкі бақылауларды енгізу;
- Тиімді коммуникация, соның ішінде комплаенс мәселелері бойынша оқыту;
- Қауырт желі арқылы бұзушылықтар туралы хабардар ету және алаңдаушылық білдіру;
- Комплаенс бұзушылықтарын тергеу және түзету шараларын қолға алу.

ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

БІЗДІҢ МИССИЯҒА БЕЙІЛДІЛІК

Жалғыз акционердің бізге жүктеген міндеті – ұшу қауіпсіздігінің жоғары халықаралық және ұлттық стандарттарына сәйкес қолжетімді аймақтық әуе тасымалдарын қамтамасыз ету болып табылады.

Біздің басты миссиямыз – Қазақстан Республикасының өңірлерін жалғау және осы арқылы олардың экономикалық дамуына жәрдемдесу.

Бұл – біздің қоғам мен мемлекет біздің осы маңызды миссияны орындау қабілетімізге сенеді дегенді білдіреді. Осындай ерекше сенімді ақтау үшін біз Компанияның тұрақты дамуы мен ұзақ мерзімді құнының өсуін; Компания қызметінің айқындығын, тиімділігі мен икемділігін; Компанияның үздік мүдделеріне сай шешімдер қабылдаудың бірізділігін, уақыттылығын; жауапкершілікті, есептілікті және заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында Жалғыз акционермен әділ қатынасу қағидаттарын негізге ала отырып өз міндеттерімізді орындауға міндеттіміз.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ

- Компанияның атынан қызметті жүзеге асыру барысында қоғамымызға және мемлекетімізге қызмет етудің ерекше міндетін ұғыныңыз және Компанияның миссиясын дұрыс түсіне отырып тиісті қамқорлық көрсетіңіз;
- Сіздің міндеттеріңіз мемлекет пен қоғамның тіршілік ету сапасы мен деңгейіне тікелей әсер етуі мүмкін екенін түсініңіз;
- Компанияның миссиясына сәйкес өз міндеттеріңізді орындаңыз және Сізге Компаниядағы жайғасымды табыстауға негіз болған мақсаттардың шегінен шығатын шараларды қолға алмаңыз;
- Өзіңіздің жеке мәселелеріңізді шешкен кезде Сіз QAZAQ AIR компаниясын ресми түрде өкілдейтініңізді көрсетпеңіз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Қоғамның кері назарын аудартуы мүмкін немесе Компанияның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін кез-келген әдепсіз немесе лайықсыз тәртіп белгілері.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

QAZAQ AIR келешек ұрпақтың қамын ойлайды және еліміздің тұрақты дамуына ерекше назар аударады. Біз экожүйелердің қорғалуын, ауа сапасының жақсаруын және ресурстарымыздың тұрақтылығының сақталуын қолдаймыз.

Біздің Компания операциялық қызметтің халыққа және қоршаған ортаға кері әсерін барынша азайтуға, қоршаған ортаға залал келтіретін өндірістік апаттардың алдын алуға талпынады, сондай-ақ табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуын және қайта жаңғыртылуын қолдайды. Біз энергия пайдаланудың, энергия үнемдеудің және баламалы энергия көздерін пайдаланудың тиімділігін арттыруды жақтаймыз.

Біз алдымызға қойылған мақсаттарды орындау және оларға қол жеткізу барысында адамдарға залал келтірмеу және қоршаған ортаны қорғау қағидатын ұстанамыз. Біздің Компания жаңа өнім әзірлеу, жаңа нарықтағы сатылымдар, жаңа фабрика салу немесе жаңа кәсіпорын сатып алу секілді, қызметтің кез-келген жаңа түрінің қоршаған ортаға әсерін бағалайды.

Біз жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жарақаттардың алдын алу мақсатында қауіпсіз еңбек ережелерін әзірлейміз және оларды басшылыққа аламыз.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Сіздің шешімдеріңіз бен әрекетіңіз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға кері әсерін тигізбейтініне көз жеткізіңіз;
- Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілер тұрғысынан мүдделі тараптарға кері әсерді барынша азайту үшін қажетті шараларды қолға алуға талпыныңыз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Қоршаған ортаны қорғау ережелері мен заң қағидаларының кез-келген айқын немесе болжалды бұзылу белгілері.

СҰРАҚ:

Компанияда тұрақты даму бойынша нұсқаулық болып табылатын басқа құжат бар ма?

ЖАУАП:

Иә, Корпоративтік Басқару Кодексі тұрақты даму бойынша толығырақ нұсқаулықты ұсынады, Сіз оны біздің корпоративтік веб-сайтымыздан таба аласыз.

ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП

Бедел – QAZAQ AIR компаниясының сенімге негізделген негізгі активі.

QAZAQ AIR мемлекеттің, іскерлік әріптестердің, инвесторлардың және қоғамның сенімін жаулап алуға талпынады. Сенім жоғары этикалық нормаларға бірізді бейілділіктің нәтижесінде туады.

Біз барлығымыз Компанияның өкілі болып табыламыз және біздің әрекеттеріміз Компанияның беделіне әсер етуі мүмкін. Біздің әрқайсымыз Компанияның беделін сақтау үшін өз тәртібімізде әдептілік танытуымыз керек.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Жалпыға ортақ моральдық және этикалық тәртіп нормаларын ұстаныңыз, Қазақстанда және шетелде жұмыс істей отырып мемлекеттік және басқа тілдерге, барлық елдердің салт-дәстүрлеріне құрмет көрсетіңіз;
- Жұмыстан тыс кезде жалпы моральдық және этикалық тәртіп нормаларын ұстаныңыз, Компанияның беделіне зиян келтіруі мүмкін, қоғамға қарсы тәртіпке жол бермеңіз;
- Егер Сізге тиісті өкілеттіктер берілмеген болса, Компанияның қызметі туралы жария сөз сөйлеуден тыйылыңыз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Компанияның беделін жоғалтуға әкелуі мүмкін қызметкерлердің әдепсіз тәртібі.

СҰРАҚ:

Менің әріптесім жұмысқа мастанған күйде келеді және тіпті кеңседе алкоголь ішеді деп күдіктенемін. Мен не істеуім керек?

ЖАУАП:

Сіз дереу өзіңіздің желілік менеджеріңізбен немесе Қызметкерлерді басқару жөніндегі департамент басшысымен кеңесуіңіз керек, олар мәселені шешу бойынша қажетті шараларды қолға алады.

СЫРТҚЫ КОММУНИКАЦИЯ

Егер Сіз QAZAQ AIR жұмыскері бола отырып, қоғамдық орындарда әдепсіз тәртіп көрсететін болсаңыз, бұл – қоғам тарапынан Компаниямызға сын айтылуына негіз болады.

Сіз Компаниядан тыс жерлерде де Компаниямызды өкілдейтініңізді әрдайым есте сақтауыңыз керек. QAZAQ AIR атынан кез-келген рұқсат етілмеген сыртқы коммуникация Компаниямыздың беделіне әсер етеді.

Әлеуметтік желілердегі белсенділік тек жеке мақсаттарда ғана пайдаланылуы тиіс және QAZAQ AIR компаниясымен байланысты болмауы тиіс.

QAZAQ AIR атынан ашылатын кез-келген ақпарат барлық елеулі тұстарында тура, толық, дұрыс болуы тиіс және қолданыстағы заңнама мен ішкі ережелерге сәйкес келуі тиіс.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Егер Сізде мұндай өкілеттіктер болмаса, ешқашан QAZAQ AIR атынан сөз сөйлеменіз;
- Өзіңіздің қызметтік жағдайыңызды ешқашан жеке пайдаңызға пайдаланбаңыз;
- Бұқаралық ақпарат құралдарында Компанияның жұмысы туралы өзіңіздің жеке пікіріңізді білдірмеңіз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Әлеуметтік желілердегі QAZAQ AIR компаниясымен тікелей байланысты бейресми белсенділік.

СҰРАҚ:

QAZAQ AIR қызметкері тұтынушылық өнімге немесе қызметке наразылық туралы жария пікір білдірді делік. Бұл – Кодексті бұзушылық болып есептелуі мүмкін бе?

ЖАУАП:

Бұл – Кодексті бұзушылық болып табылмайды. QAZAQ AIR қызметкерлердің жеке өміріне құрметпен қарайды, олар жеке өмірінде өз пікірін айтып, тұтынушылық шағымдарын білдіре алады. Мұндағы маңызды нәрсе – мұндай пікір Компанияның көзқарасы ретінде қабылданбауы тиіс.

ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗГЕ ҚАТЫНАСЫМЫЗ

ЖАЛДАУ МЕН ЕҢБЕК ЕТУДІҢ ТЕҢДЕЙ ШАРТТАРЫ

Біздің адамдарымыз – ең құнды актив болып табылады және QAZAQ AIR барлық қызметкерлерді жұмыс істеу үшін жарқын келешекпен қамтамасыз ету саясатын ұстанады.

Сондықтан, Компанияда жұмыс істейтіндердің барлығына Компаниямыз өзінің кәсіби қабілеттерін дамытудың және машықтарын жетілдірудің теңдей мүмкіндіктерін ұсынады.

Сондықтан Компания әртүрлі жұмыс тәжірибесін иемденетін дарынды кәсіпқойларды іріктей отырып, қызметкерлерді қабылдаудың және қызметтік сатымен ілгері жылжытудың әділ рәсімін құрды.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Өз міндеттеріңізді ең жоғары этикалық нормалардың сақталуымен, біздің корпоративтік құндылықтарымыз бен қағидаттарымыз негізінде кәсіби тұрғыда орындаңыз;
- Жалдау, сыйақы беру және ілгері жылжыту туралы әрбір шешімді қабылдаған кезде атқарған еңбегін, біліктілігін, нәтижелілігін және өндірістік қажеттілікті назарға алыңыз;
- Непотизмнің, субъективтіліктің немесе қате түсініктің орын алуының кез-келген мүмкіндігін болдырмаңыз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ КӨҢІЛ АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Жұмыс орнындағы кез-келген әдепсіз немесе лайықсыз тәртіп белгілері;
- Еңбек заңнамасының кез-келген айқын бұзылуының немесе әлеуетті бұзылуының белгілері.

СҰРАҚ:

Мен жалдау және ілгері жылжыту барысындағы теңдей жағдайлардың бұзылуы ретінде қабылданатын қандай жағдайлар туралы хабарлай аламын?

ЖАУАП:

Неліктен басқа жұмыскердің жалақысы жоғарырақ деген сұрақты қоюға жол берілмейді. Жалақы көлемі құпия ақпарат болып табылады және адамның тәжірибесіне, біліктілігіне, біліміне және басқа факторларға негізделеді. Сіз жалдау, қызмет бойынша ілгері жылжыту және оны тоқтату барысындағы кемсітушілік туралы хабарлай аласыз. Мысалы, Сіз жаңа жұмыскердің өз түйіндемесінде 5 жыл бойы бір компанияда жұмыс тәжірибесін көрсеткенін білдіңіз. Бірақ іс жүзінде ол аталған компанияда жұмыс істемегеніне сенімдісіз, ал бұл – жұмыскердің алдағанын білдіреді және мұндай жосықсыз тәртіпке жол берілмейді.

КЕМСІТУШІЛІК ПЕН ҚЫСЫМШЫЛЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛУ

QAZAQ AIR қызметкерлердің бір-біріне құрметпен қатынасуын қамтамасыз ететін еңбек жағдайларын құруға талпынады. Сондықтан біздің Компания кемсітушіліктің ешқандай нысандарына төзе алмайды, соның ішінде діни, нәсілдік, этникалық, жыныстық, жасы бойынша және басқа белгілері бойынша кемсітушілікті қоса алғанда. Біздің Компания қорлайтын, агрессияшыл немесе жауластық болып табылатын тәртіптің кез-келген нысанына тыйым салады.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Әріптестеріңізбен құрметпен және әділ қатынасыңыз;
- Әріптестеріңізді қорқытпаңыз және қорламаңыз;
- Әріптестеріңізге қатысты орынсыз пікірлер айтпаңыз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Жұмыс орнындағы кез-келген әдепсіз немесе лайықсыз тәртіп;
- Еңбек заңнамасының кез-келген бұзылуының немесе әлеуетті бұзылуының белгілері.

СҰРАҚ:

Мен – Компанияның жүкті қызметкерімін және менің менеджерім қосымша өтемақы төлемеу үшін және алмастырушы жұмыскерді тезірек табу үшін қандай да бір негіздемесіз маған қысым көрсетіп, жұмыстан кетуімді талап етуде.

ЖАУАП:

Жүкті қызметкер ретінде Сіз Еңбек Кодексімен қамтамасыз етілетін арнайы мәртебе мен құқықтарды иемденесіз. Егер Сіздің менеджеріңіз қандай да бір негіздемесіз Сізге қысым көрсететін болса, Сіз бұл туралы – еңбек және еңбек жанжалдары мәселелерімен және өзге де осындай мәселелермен айналысатын Компанияның/Қордың Омбудсменіне немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің Басшысына дереу хабарлауыңыз керек.

Омбудсмен — Қордың/Компанияның Директорлар кеңесімен тағайындалатын тұлға, оның рөлі – өзіне жүгінген жұмыскерлерге, еңбек дауларының, жанжалдың қатысушыларына кеңес беру және Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуын ескере отырып оларға өзара тиімді, сындарлы және іске асырылатын шешім жасап шығаруға жәрдемдесу (соның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтау), жұмыскерлер мен Қордың/Компанияның қиындық тудырған әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге, сондай-ақ Қор/Компания жұмыскерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдем көрсету болып табылады.

БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАРТУ

Біздің Компания жеткізушілермен, кеңесшілермен, іскерлік әріптестермен және басқа үшінші тұлғалармен ашықтық, заңды ұстанушылық, әділдік және тиімділік негізінде жұмыс істейді.

Біздің Компания іскерлік әріптестерге негізсіз артықшылықтар мен пұрсаттар ұсынбайды және олармен іскерлік қатынастарды өзара тиімділік негізінде қолдап отырады. Біз тауарлардың/қызметтердің аса тиімді бағасына, сапасына және жеткізушінің жақсы іскерлік беделіне басымдық бере отырып, жеткізушілерді ашық түрде таңдаймыз.

Біз барлық үшінші тұлғалар осы Кодекстің немесе осыған ұқсас комплаенс саясаттарының қағидаларын ұстанады деп сенеміз. Өз кезегінде, үшінші тұлғалар бізден осы Кодекстің қағидастарына бейілділігімізді күтеді және оларға Кодекстің кез-келген іс жүзіндегі немесе әлеуетті бұзылуы туралы **Қордың Қауырт желісі** арқылы хабарлау мүмкіндігі беріледі.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Жеткізушілерді таңдаған кезде олардың біліктілігін, атқарған еңбегін және бәсекеге қабілеттілігін ғана негізге алыңыз;
- Іскерлік беделі күдік тудыратын үшінші тұлғалармен ынтымақтаспаңыз;
- Бәсекелі ортаны құру үшін бар күш-жігеріңізді салыңыз;
- Үшінші тұлғалар осы Кодекстің қағидалары туралы хабардар екеніне көз жеткізіңіз;
- Есептелген сыйақы ұсынылған тауарларға/қызметтерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз;
- Үшінші тұлғаларға құрметпен және әділ түрде қараңыз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Үшінші тұлғалардың сенімсіз іскерлік тәжірибеге қатысуы немесе осындай істе айыпталуы;
- Үшінші тұлғалардың жасалғанға дейін комиссиялар немесе сыйақылар алуға қолқалауы.

СҰРАҚ:

Мен ашық тендерге қатысатын әлеуетті жеткізушінің акционері Компания қызметкерінің жақын туысы болып табылатынын білдім. Мен бұл туралы хабарлау керекпін бе?

ЖАУАП:

Иә, Сіз бұл туралы өзіңіздің желілік менеджеріңізге, комплаенс Офицерге немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің басшысына хабарлауыңыз керек, өйткені бұл – біліктілігі, атқарған еңбегі және бәсекеге қабілеттілігі критерийлерінен өзгешеленетін іріктеу критерийлеріне негізделген жеткізушінің іріктелуіне әсер етуі мүмкін.

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

QAZAQ AIR Сіздің жеке өміріңізге үлкен құрметпен қарайды және Компания аумағынан тыс жерлерде заңды қызметпен айналысу бойынша әрбір адамның құқығына түсіністік пен құрмет танытады. Бұл ретте біз Сізден сақ болуыңызды және мүдделер қайшылығының туындау мүмкіндігінен сақтануыңызды сұраймыз.

Мүдделер қайшылығы – Сіздің жеке мүдделеріңіз немесе байланыстарыңыз Сіздің Компания үшін қабылдайтын бизнес-шешімдеріңізге әлеуетті түрде әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайларда туындайды.

Мүдделер қайшылығы ретінде қабылдануы мүмкін жағдайлар алуан түрлі болып келеді және оларды барлығын біртіндеп атап өту мүмкін емес. Алайда кейбір мысалдар Сізде жеке заңды тұлғаның акционерлік капиталына қатысу үлесі болатын немесе Сіз осындай заңды тұлғада басқарушылық қызметті иемденетін жағдайларды қамтиды және осындай жағдайлар QAZAQ AIR компаниясындағы өзіңіздің лауазымдық міндеттеріңізді орындауға кедергі болып табылады.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Сіздің жеке байланыстарыңыз/жағдайларыңыз QAZAQ AIR компаниясындағы Сіздің бизнес-шешімдеріңізге әсер ететін жағдайлардан сақтаныңыз;
- Өзіңіздің іс жүзіндегі, әлеуетті немесе анықталған мүдделер қайшылығын тікелей басшыңызға, комплаенс Офицерге немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің Басшысына ашыңыз;
- Егер Сізде іс жүзіндегі, әлеуетті немесе анықталған мүдделер қайшылығы болса, шешім қабылдауға қатыспаңыз;
- Компанияның аумағынан тыс жерлерде қандай да бір жұмысқа немесе бизнеске қатыспаңыз (коммерциялық немесе коммерциялық емес), егер бұл Сіздің Компаниядағы қызметіңізге кері әсерін тигізетін болса;
- Егер Сізде өзіңіздің жеке жағдайларыңыз QAZAQ AIR компаниясындағы Сіздің лауазымдық міндеттеріңізді қозғайтынына қатысты қандай да бір күдіктер болған жағдайда жеке басшыңызға, комплаенс Офицерге немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің Басшысына кеңес және ұсыныстар сұрап жүгініңіз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Сізде немесе Сіздің әріптестеріңізде QAZAQ AIR компаниясында немесе QAZAQ AIR компаниясының әлеуетті немесе іс жүзіндегі серіктесі немесе жеткізушісі болып табылатын ұйымда жұмыс істейтін отбасы мүшелері немесе басқа үлестес тұлғалар бар болса;
- Сізде немесе Сіздің әріптестеріңізде ұйымдағы акционерлік капиталға қатысу үлесі бар болса, я болмаса Сіз немесе Сіздің әріптестеріңіз QAZAQ AIR компаниясының әлеуетті немесе іс жүзіндегі әріптесі немесе жеткізушісі болып табылатын осындай ұйымда басқарушылық қызмет атқаратын болсаңыздар;
- Компанияның аумағынан тыс жерде Сізден немесе әріптестеріңізден құпия ақпаратты қоса алғанда QAZAQ AIR ресурстарын пайдалануды талап етуі мүмкін қоса атқару бойынша жұмыс немесе басқа қызмет Сізде немесе әріптестеріңізде бар болса.

СҰРАҚ:

Менің жақын туысым ашық тендерге қатысатын компанияның акционері болып табылады. Мен тендерлік комиссияның мүшесі болып табыламын. Бұл – мүдделер қайшылығы болып есептелуі мүмкін бе?

ЖАУАП:

Иә, бұл – мүдделер қайшылығы жағдайы, Сіз мұндай жағдайды комплаенс Офицерге немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің Басшысына ашып, мұндай тендерде шешімдер қабылдау үдерісіне қатыспауыңыз керек.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК

QAZAQ AIR демеушілік, қайырымдылық жобаларын іске асырады, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламалары шеңберінде қайырымдылық көрсетеді.

Бұл ретте Компания демеушілік қызмет пен қайырымдылықты жүзеге асырған кезде коммерциялық пайданы, төндерге қатысу мүмкіндіктерін, келісімшарттардың әрі қарай жалғастырылуын немесе басқа да әлеуетті бизнестік пайданы көздемейді.

Сонымен қатар, біздің Компания кемсітушілік тәжірибелерін қолданатын ұйымдарға және QAZAQ AIR компаниясының имиджі мен беделіне әлеуетті түрде қауіп төндіретін ұйымдарға қайырымдылық және демеушілік көрсетпейді.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Демеушілік және қайырымдылық көмек немесе жанашырлық жәрдем заңнамаға сәйкес ашық және айқын жүзеге асырылатынына көз жеткізіңіз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Демеушілік көмек алушыларды таңдау тәртібі күдік тудыратын болса;
- Демеушілік және қайырымдылық көмек немесе жанашырлық жәрдем алушылар QAZAQ AIR қызметімен әлеуетті түрде үйлеспейтін қызметке тартылған болса.

СҰРАҚ:

Мен жергілікті қайырымдылық жобасына ерікті түрде қатысқым келеді. Бұған Кодекспен рұқсат етіледі ме?

ЖАУАП:

Көптеген жағдайларда – рұқсат етіледі. Мұндай жұмыс Сіздің Компаниядағы міндеттемелеріңізге әсер етпейтініне көз жеткізіңіз. Егер күдіктенетін болсаңыз, Сіз әрдайым комплаенс Офицерге немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің Басшысына жүгіне аласыз.

СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Компания саясаты үшінші тұлғаларға қатысты жасалған немесе олардан алынған стандартты және лайықты қонақжайлылық белгілеріне жол береді.

Алайда сыйлықтарды алу және беру, сондай-ақ қонақжайлылық белгілерін көрсету – үшінші тұлғалардың негізсіз үміт күтуіне әкелуі мүмкін немесе Сіз негізделген коммерциялық себептермен емес, жеке мақсатты ойлау себебінен үшінші тұлғаларға басымдық беріп жатырсыз деген пікір тудыруы мүмкін.

Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері ретінде тек қолма-қол ақша ғана емес, сонымен қатар QAZAQ AIR компаниясында коммерциялық қызметті жүзеге асыру кезінде қызметкерлермен, лауазымды тұлғалармен, директорлармен ұсынылатын немесе алынатын, құнды болып табылатын барлық заттар түсіндіріледі.

Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің ұғымы мен түсіндірілуі әртүрлі көзқарастарға қарай өзгешеленеді, сондықтан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің алынуы – шешім қабылдау үдерісіне әлеуетті әсерін тигізбеуі тиіс.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Ұсынылатын немесе алынған сыйлықтың немесе қонақжайлылық белгісінің типін, құндылығын абайлап бағалаңыз;
- Ешқашан ақшаны, ақшалай баламаларын, дербес қызметтерді немесе кез-келген басқа да заңсыз немесе лайықсыз сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін алуға талпынбаңыз және алмаңыз;
- Егер Сіз ұсынатын немесе алатын сыйлықтар шешім қабылдау үдерісіне әсер етуі мүмкін болса, мұндай сыйлықтарды ешқашан қабылдамаңыз және бермеңіз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде, жұмысқа жалдау немесе жұмысқа орналастыру кезінде ұсынылатын немесе алынған қолма-қол ақша немесе ақшалай баламасы түріндегі кез-келген лайықсыз сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері;
- Сіздің шешіміңізге және әділдігіңізге немесе Сіздің әріптестеріңіздің шешіміне және әділдігіне әсер етуі мүмкін кез-келген сыйлықтар мен тартулар.

СҰРАҚ:

Бизнес-әріптестерден сыйлықтар алуда қандай да бір шектеулер бар ма?

ЖАУАП:

Қылмыстық кодекске сәйкес, лауазымды тұлғалар мен директорлардың екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сома алуы пара болып табылмайды. Жалпы алғанда, кез-келген қызметкер өзінің шешіміне әсер етуі мүмкін құндылықтарды алмауы тиіс. Кез-келген сыйлық пара ретінде қаралуы мүмкін, егер де бұл – шешім қабылдауға әсерін тигізетін болса.

БІЗДІҢ КОМПАНИЯНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАУ

АКТИВТЕРДІ ҚОРҒАУ

QAZAQ AIR компаниясында жұмыс істейтін әрбір қызметкер Компания активтерін тиісінше басқару ісіне жауапты болып табылады. Активтерді тиісінше басқару – QAZAQ AIR инвестицияларын, резервтерін және меншігін бақылау мен қолдауды қамтиды.

QAZAQ AIR беделі оның жоғары бағаланатын активі болып табылады. Біздің әрқайсымыз осы активті иемденуші болып табыламыз және тиісті тәртіп арқылы осы активтің құндылығын арттыруымыз немесе төмендетуіміз мүмкін. Біздің әрқайсымыз Компанияның беделін нығайтуға талпынуымыз керек.

Бідің әрқайсымыз активтердің өсуіне және олардың құнының қалыптасуына қол жеткізу үшін тиісті қатынасу және жоғары жауапкершілік тәжірибесін енгізуіміз керек.

Активтерді дұрыс пайдаланбау – Компанияның жұмысына тікелей әсер етеді; кез-келген алаяқтық немесе жымқыру жағдайлары туралы дереу хабарлау керек.

QAZAQ AIR компаниясының активтерін жеке мақсаттарға кез-келген түрде пайдалануға жол берілмейді.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- QAZAQ AIR мүлкін өзіңіздің жеке мүлкіңіз секілді құнттап ұстаңыз;
- QAZAQ AIR активтерінің тиісінше пайдаланылуына бақылау жасау бойынша өзіңізге жауапкершілік алыңыз;
- Активтерді пайдалану үшін тиісті рұқсат пен тура құжаттаманы қамтамасыз етіңіз;
- Сіздің міндеттеріңізге сәйкес активтердің тиісінше пайдаланылуын қамтамасыз етіңіз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Активтерді иемденіп алу немесе жұмсау жағдайлары;
- Активтердің ұрлану мен бүлінуден дұрыс қорғалмауы;
- Алаяқтықтың, залалдың немесе жымқырудың кез-келген белгілері.

СҰРАҚ:

Егер біздің Компания активтерді төмендетілген бағамен сататын босла және мен мұндай бағаны – нарықтық бағадан төмен деп ойлайтын болсам. Бұл – біздің өз активтерімізді қорғамауымыз болып табылады ма?

ЖАУАП:

Үздік баға айқындық пен бәсекелестік арқылы түзіледі. Компания айқындық пен бәсекелестік саясаты мен рәсімін басшылыққа алады. Сондықтан, егер Сізге айқындық рәсімінің кез-келген бұзылу жағдайлары немесе кез-келген күдіктер мәлім болса, өзіңіздің тікелей басшыңызға, комплаенс Офицерге немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің Басшысына хабарлаңыз.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ АЙҚЫНДЫҒЫ

Біздің Компания тура және толық қаржылық және іскерлік ақпаратты ұсынады. Барлық қаржылық деректер, жазбалар және есептер Халықаралық Қаржы Есептілігі Стандарттарына, ұлттық заңнамаға және QAZAQ AIR компаниясының ішкі ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

Барлық мәмілелер мен есептер бірізді болуы керек және тиісті жолмен жіктелуі тиіс. Шешімдер толық және тура деректерге негізделуі тиіс. Біздің Компания деректердің кез-келген түрде бұрмалануына тыйым салады.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Мәмілелер мен шарттарды адал ниетпен тіркеңіз;
- Барлық іскерлік операциялардың толық, тура және уақытылы есебін жүргізіңіз;
- Жасырын жазбалар мен заңсыз қаржылық операцияларды пайдаланбаңыз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Қаржылық болжамдары асыра көрсетілген және шығындары дұрыс көрсетілмеген қате және толық емес есептер;
- Алақол қызмет белгілері, мысалы, қаражаттардың де-юре белгіленбеген өзге мақсаттарға де-факто пайдаланылуы;
- Іссапарларға арналған шығындар мен өзге шығындардың толық және тура болмауы;
- Өндірістік қызметтің қаржылық нәтижелермен сәйкес келмеуі.

СҰРАҚ:

Менен бухгалтерлік есеп жүйесіндегі деректерді – ақпарат пайдаланушыны адастыратындай жолмен жазуымды өтінді. Егер менде есептің дәлсіздігіне қатысты күдік бар болса, мен не істеуім керек?

ЖАУАП:

Деректердің есебін әрдайым бухгалтерлік есеп жүйесіндегі тиісті тәртіпті сақтай отырып тура және дұрыс жүргізген маңызды. Біріншіден, Сіз есептілікті қалыптастыру және ұсыну талаптарын қандай жолмен сақтауыңыз керек екенін толығымен түсіну үшін, өз менеджеріңізден және/немесе бөлімше басшысынан бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде пайдаланылатын әдістемені нақты түсіндіруін талап етуіңіз керек. Егер Сізде күдік немесе сұрақтар туындайтын болса, комплаенс Офицерге немесе Ішкі аудит қызметінің басшысына жүгініңіз.

АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Біз бизнес-шешімдерді қабылдау үшін күнделікті қызметіміздегі ақпаратты пайдаланамыз. Біздің Компания ақпаратты QAZAQ AIR активі ретінде қарайды және оның бір бөлігі құпия болып табылады. Құпия ақпарат рұқсатсыз үшінші тұлғаларға ешқашан ашылмауы тиіс болатын біздің ноу-хау мен басқа да бәсекеге қабілетті ақпаратты, жеке деректер мен өзге ақпаратты қамтиды.

СІЗДІҢ МІНДЕТТЕРІҢІЗ:

- Компанияның аумағынан тыс жерлерде құпия ақпаратты тек қажеттілік бойынша және кәсіби ұсынымдар алынғаннан кейін ғана бөлісіңіз;
- Құпия ақпаратты ашуға қатысты барлық ішкі талаптар мен шектеулерді сақтаңыз;
- Егер Сіз құпия ақпараттың қандай да бір жылыстауын білсеңіз, оны қорғаудың шараларын қолға алыңыз;
- Құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қойыңыз;
- Үшінші тұлғаларға құпия ақпаратты ашқанға дейін, олардың құпия келісімге қол қойғанына көз жеткізіңіз.

СІЗ НЕ НӘРСЕГЕ НАЗАР АУДАРУЫҢЫЗ КЕРЕК:

- Құпия ақпараттың үшінші тұлғалармен қоғамдық орындарда талқылануы;
- Кез-келген құпия ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болуы.

СҰРАҚ:

Мен бизнес-серіктестен бірлескен жоба бойынша құпия ақпаратты ұсыну туралы сауал алдым, бірақ мен бұны жасауға құқылы екеніме сенімді емеспін.

ЖАУАП:

Бұл ақпарат – құпия ақпараттың ашылуын реттейтін ішкі саясатқа сәйкес құпия ақпарат болып табылмайтынына көз жеткізуіңіз керек. Егер Сізде сұрақтар туындайтын болса тікелей басшыңызға, Заң Департаментінің маманына, комплаенс Офицерге немесе Компанияның Ішкі аудит қызметінің Басшысына жүгініңіз.